

8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі. «Жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Г.А.Момбекова колледж директоры Ж.Н.Сарыбекованы «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Үздігі төс белгісімен және Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі үшін, кәсіподақ өміріне белсене араласқаны үшін ағылшын пәнінің оқытушысы Н. Р. Абдрахманованы, Білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін тарих пәнінің оқытушысы А. Т. Рахметлдаеваны Алғыс хаттармен марапаттады.



Е.Қарашөкеевтің «Құрмет грамотасымен» марапаттады.



Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі, Республика күні мерекесіне орай денсаулық сақтау саласындағы жемісті еңбегі мен еліміздің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін колледждің офис-регистратор басшысы С.Г.Бибосынова Алғыс хатпен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен колледж оқытушысы А.М.Дәулетов марапатталды.

"Өркениет" шығармашылық орталығы. Республикалық "Білім өркениеті" республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2023ж. қазан айындағы №36 санында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушылары А.Қ.Құлмаханбет, Н.Т.Юсупова "Қанның қызметі, қан қысымы және оның алдын алу жолдары" тақырыбындағы материалы жарияланғаны үшін Сертификатпен, әдістемелік ізденісі мен кәсіби белсенділігін көрсеткені үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.



«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі. «Жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Г.А.Момбекова колледж директоры Ж.Н.Сарыбекованы «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің ҮЗДІГІ төс белгісімен және Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі үшін, кәсіподақ өміріне белсене араласқаны үшін ағылшын пәнінің оқытушысы Н. Р. Абдрахманованы, Білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін тарих пәнінің оқытушысы А.Т.Рахметлдаеваны Алғыс хаттармен марапаттады.



Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі. Республикалық «Ілияс оқулары» конкурсы. Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына сүйене «Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айындағы «Ілияс оқулары» конкурсында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 118-ші топ студенті Н.Б.Жайлау Бас жүлде Дипломымен марапатталды. Жетекшісі: Н.Ж.Абдраймова.



Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. MURAGER EDUCATION-«MURAGER» Республикалық журналының ұйымдастыруымен өткен 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айындағы «Абайтану» олимпиадасында «Өлең-сөздің патшасы, сөз-сарасы» номинациясы бойынша Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 118-ші топ студенттері А.Б.Қалдыбек, Д.А.Султан, Б.Қ.Баянбек жүлделі I орын Дипломымен, Н.Г.Шаниярова жүлделі II орын Дипломымен марапатталды, А.Е.Төлен, А.Е.Елубай, Ж.Б.Қайрат, Н.А.Шақир, Н.Н.Абдухалық, Қ.А.Жексенбек белсене қатысқаны үшін Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: Н.Ж.Абдраймова.



Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы ұйымдастырған әртүрлі этнос жастары арасында "Мағжан оқулары" атты облыстық шығармашылық байқауға колледждің, "Емдеу ісі" бөлімі, 120-шы топ студенті М.Ниязова белсене қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: Н.Ж.Абдраймова.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

2 | "БІР ЕЛ - БІР КІТАП"

Тараз темір жол көлік және коммуникация колледжінің кітапханашысы Г.Орынбасарқызынан челенжді қабыл алып, колледждің кітапхана меңгерушісі Н.Ерланқызы, Т.Әбдіктің «Оң қол» шығармасын насихаттап Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының кітапханашыларына жолдады.

4 | ДӘРІС

Наркобекет жетекшісінің ұйымдастыруымен, «Біз есірткіге қарсымыз!», «Есірткінің алдын-алу» тақырыбындағы дәріс.

6 | "ОҚУҒА ҚҰШТАР КОЛЛЕДЖ" ЖОБАСЫ

24 қазан – кітапханашы күні мерекесіне орай «Кітапханашы – демек креативті» тақырыбында студенттермен өзін-өзі басқару күні өтті. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман – эпопеясына 75 жыл толуына байланысты әдеби – аукцион.

8 | ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.

1 | "АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ТІЛ МҰНАРАСЫ" АТТЫ БАЙҚАУ

«Ахмет Байтұрсынұлы – тіл мұнарасы» атты медициналық 1-2 курс, өзге ұлт студенттері арасында республикалық колледжаралық байқау.

3 | АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушысы Г.Ж.Иманалиева «Емдеу ісі» 126 топ студенттерімен «Қазақстан тарихы» пәнінен, «Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

5 | "25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ"

№3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК-дi ұйымдастыруымен 1 курс студенттері арасында «Күзгі кросс» жарысы өткізілді. Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде өзге ұлт өкілдері өнерімен және өз ұлтының тағамдарын әкеліп, жәрменке ұйымдастырылды. Оқытушы Н.Т. Юсупова 244 ПБ-11/21 топ студенттерімен «Республикам-менің!» тақырыбында тарбие сағатын өткізді.

7 | КЕЗДЕСУ

Колледж студенттерімен аға прокурор Д.В.Кемелхан кездесіп «Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру аясында жастардың арасында синтетикалық есірткінің зияны мен нашакорлықтың зардаптары» туралы



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



«Жылдың үздік ұстазы» атты Республикалық байқауына колледж оқытушысы З.С. Ескебекова қатысып, жеңімпаз атанып, «Жылдың үздік ұстазы» төсбелгісімен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері мен колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны, Әдістемелік мектептің ұйымдастырумен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз» атты қорытынды есеп беру кешінде мәнді шығармашылық жұмыс көрсеткені үшін колледж оқытушылары А.Р.Байбулекова; Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева, Г.С. Токкулиева, А.Б. Амангелдиева, Н.А. Касымов Мақтау қағазымен марапатталды.



Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбегі үшін Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кешінде Б.С. Мадимарова, Н.Ж. Абдраимова, Э.Ж. Кудебаева, Ж.Р. Алтынбекова, Н.Е. Джемпеисова, А.А. Бөпеева, Ұ.Е. Дүйсембаева, А.Т. Кобегенова, О.А. Махамбетова, Р.Д. Мухажанова, А.Н. Өскенбаева, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева, А.С. Ташмағанбетова, Ж.А. Тоқташова Алғыс хатпен марапатталды



Кудебаева, Р.Т. Нурбаева, С.Г.Бибосынова, А.К.Баєтова, Б.Б.Блейменова, Ж.С.Жарасова Ф.Д.Тұрмысова, А.Д. Бахаева, М.Т.Досжанова, Ш.М. Нурпейсова марапатталды.



«Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиалы Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Тұрмысова Ф.Д. Серкебаева А.К., Даулетов А.М., Джантасова Р.О., Ералиев М.Л. марапатталды.



2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша орта буын медициналық және фармацевтикалық мамандарды даярлауда және тәрбие беруде елеулі үлес қосқаны үшін, кәсіби шеберлігі, еңбекқорлығы, өз ісіне деген адалдығы үшін «Үздік ашық сабақ» номинациясымен Ж.А.Токташева, Л.Б. Саурбаева, Ұ.Е.Дүйсембаева; «Үздік үйірме – 2020» номинациясымен А.Р.Байбулекова; «Үздік облыстық іс-шара – 2020» номинациясымен Ж.Б.Бегалиев, Б.А.Сагиндыкова; «Үздік жас маман -2020» номинациясымен Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева; «Үздік тәрбие жұмысы - 2020» номинациясымен А.Т. Кобегенова Дипломдармен, «Ақпараттық технологияны пайдалану шебері» номинациясымен А.К. Кудайбергенова Мақтау қағазымен марапатталды.

«Үздік облыстық іс-шара – 2020» номинациясымен Ж.Б.Бегалиев, Б.А.Сагиндыкова; «Үздік жас маман -2020» номинациясымен Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева; «Үздік тәрбие жұмысы - 2020» номинациясымен А.Т. Кобегенова Дипломдармен, «Ақпараттық технологияны пайдалану шебері» номинациясымен А.К. Кудайбергенова Мақтау қағазымен марапатталды.

2 | ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС МАМАН!

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

4 | БЕЛСЕНДІ ӨМІР - ҰЗАҚ ҒҰМЫР

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

6 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

8 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

3 | ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

5 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

7 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения




1 | “АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ТІЛ МҰНАРАСЫ” АТТЫ БАЙҚАУ

13.10.2023 ж. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын денсаулық сақтау жүйесінде іске асыру жөніндегі 2023-25 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы бағдарламасын» іске асыру мақсатында Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы және “Жамбыл жоғары медициналық колледжінің” ұйымдастыруымен «Ахмет Байтұрсынұлы – тіл мұнарасы» атты медициналық 1-2 курс, өзге ұлт студенттері арасында республикалық колледжаралық байқау өткізілді. «Ахмет Байтұрсынұлы – тіл мұнарасы» атты республикалық байқауды ашып беру үшін алғашқы сөзді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің әкімшілік департаменті мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бас сарапшысы Н.С.Бәкірова берілді, сонымен қатар «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі «Жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Г.А.Момбекова сөз кезегін алып, байқау қатысушыларына сәттілік тіледі. Байқау 3 кезеңнен тұрды және Қазақстанның әр қаласынан келген 9 студент қатысты. Байқау қорытындысы бойынша Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» М.М.Мамедов 1 орын иеленсе, Шымкент қаласы, «Шымкент жоғары медициналық колледжі» Т.С.Чжен 2 орын, Түркістан қаласы, «Түркістан жоғары медициналық колледжі» Н.Ф.Бекова және Алматы қаласы, Алмалы ауданы, «Интердент» колледжі Я.П.Имитова 3 орынды иеленді. Өзге байқау қатысушылары ынталандыру сыйлықтары және алғыс хаттармен марапатталды. Жауаптылар: №1 жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері ЦӘК төрайымы Н.Ж.Абдраимова және пән оқытушылары.



2 | “БІР ЕЛ - БІР КІТАП” АКЦИЯСЫ

19.10.2023 ж. Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын насихаттау барысында Тараз темір жол көлік және коммуникация колледжінің кітапханашысы Гүлнар Орынбасарқызынан членджді қабыл алып, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің кітапхана меңгерушісі Нұрсұлу Ерланқызы және 310 топ студенті Әсем Құдиярбек, Төлен Әбдіктің «Оң қол» шығармасын насихаттап Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының кітапханашыларына жолдады.



3 | АШЫҚ САБАҚ

19.10.2023 ж. №1 Әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және ізгілендіру циклдық әдістемелік комиссиясы тарих пәнінің оқытушысы Г.Ж.Иманалиева «Емдеу ісі» 126 топ студенттерімен «Қазақстан тарихы» пәнінен, «Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Қайта құру жылдарындағы Қазақстанның жағдайы, 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының себептері мен зардаптары, КСРО - ның ыдырау қарсаңындағы саяси жағдайы туралы түсінік бере отырып, тарихи мағлұматтарды жеткізу, деректерді ашу арқылы студенттерге толық ақпарат берді. Студенттердің топтық жұмыс арқылы танымдық, білімдік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, ұжымдаса отырып мәселелерді бірлесе шешуге, ойын түйіндеуге, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөздік қорын, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту, өткенді еске түсіре отырып, болашаққа бағдар беруге баулу. Сабақ өту барысында, түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Сабақ мақсатына жетті.



4 | ДӘРІС

30.10.2023ж. Колледжде Наркобекет жетекшісінің ұйымдастыруымен, «Бізе с і р т к і г е қарсымыз!», «Есірткінің алдын-алу» тақырыбында дәріс өткізілді. Дәрісті наркобекет жетекшісі: Д.Т.Бекмурзаева өткізді. Дәріс барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды. Жауапты: Наркобекет жетекшісі Д. Т.Бекмурзаева.



01.11.2023 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Жана-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігімен «Қылмыс ұлтқа бөлінбейді» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің қонағы конфликтолог Турдалиева Шолпан Тұрсынбаевна қазырғы кезеңде әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтау үшін азаматтардың ұлттық кемсітушілік пен алауыздыққа жол бермеуінің маңызды екенін ерекше атап өтті. Сондай-ақ дөңгелек үстелде студенттер сөз алып өз ой пікірлерімен бөлісті. Жауапты: әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева.



5 | “25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ”

23.10.2023 ж. Колледжде «25 қазан – Республика күніне» Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде өзге ұлт өкілдері өздерінің құттықтауымен, өнерімен және өз ұлтының тағамдарымен шашу әкелді. Мақсаты: ұлтымыздың бірлікте, татулықта, бір тудың астында тату-тәтті өмір сүру. Ұйымдастырушы: тәрбие бөлімі, колледж психологтары және әлеуметтік педагог. Жәрмеңке нәтижесі бойынша бас жүлдені 133 топ иеленді. I орын – 130 топ, II орынды – 121,125,130 топтар, III орынды – 135, 134,127, 111, 120 топтар иеленді.



24.10.2023 ж. «25-қазан Республика күніне» орай Мейіргер ісі бөлімі 244 ПБ-11/21 топ студенттері топ жетекшісі Н.Т. Юсупованың ұйымдастыруымен «Республикам-менің!» тақырыбында колледжілік ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ашық тәрбие сағатының мақсаттары: Отан сүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жастарды адамгершілікке, достыққа баулу, оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке баулу, Отан тарихына деген сүйіспеншілікке, өз халқының тарихын құрметтеуге, өзге ұлт өкілдері арасындағы достықты нығайту; Дамытушылық мақсаты: Оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын молайту, рухани дүниетанымын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру, белсенділіктерін арттырып, өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру.



29.10.2023ж. №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК-нің ұйымдастыруымен «25 қазан - Республика күніне» орай I курс студенттері арасында «Күзгі кросс» жарысы өткізілді. Жарыстың мақсаты: Отансүйгіштікке, отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жастарды спорт сүйуге, адамгершілікке, достыққа баулу, студенттерді ұйымшылдыққа, жауапкершілікке баулу, Отан тарихына деген сүйіспеншілікке, өз халқының тарихын құрметтеуге, өзге ұлт өкілдері арасындағы достықты нығайту; Жарыстың жеңімпаздары колледждің студенттік кәсіподақ ұйымы атынан бағалы сыйлықтар және алғыс хаттарымен марапатталды.



6 | “ОҚУҒА ҚҰШТАР КОЛЛЕДЖ” ЖОБАСЫ

24.10.2023 ж. Колледждің кітапханасында «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында 24 қазан – кітапханашы күні мерекесіне орай «Кітапханашы – демек креативті» тақырыбында студенттермен өзін-өзі басқару күні өтті. Колледждің оқуға құштар I курс студенттері кітапханашыларды мерекемен құттықтап, кітапханаға кітаптар сыйлады. 118, 123 топ студенттері кітапханашы болып оқырмандарға керек кітаптарын тауып беріп, күнделік толтырып, газет-журнал нөмірлерін тіркеп, электронды оқулықтарды ашып беріп қызмет атқарды. Мақсаты: кітапханадағы өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, студенттердің ұйымдастырушылық, көшбасшылық қасиеттерін ашу.



27.10.2023 ж. «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы аясында Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман – эпопеясына 75 жыл толуына байланысты әдеби – аукцион өткізілді. М.О. Омарханұлы Әуезовтің өмірі және шығармашылығымен, Абай жолы роман – эпопеясымен таныстырылды. Студенттерді ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, шығармашылық танымдарын толықтыру. Жас буынды Абай шығармаларын оқу арқылы адамгершілікке, имандылыққа, парасаттылыққа, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылыққа, білімділікке, нәзік те адал сезім – махаббатты аялай, қастерлей білуге тәрбиелеу. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіріп, пысықтай отырып, іс жүзінде көрсету, және қатысушылардың арасынан сұрақтар қойылып, дұрыс жауап бергендерге сыйлықтар берілді. Іс-шараны ұйымдастырған Жамбыл жоғары медициналық колледжінің кітапханашылары. Қатысқандар колледжіміздің 1 және 2 курс студенттері.



7 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ

19.10.2023 ж. Жамбыл облысы прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының басқарма аға прокуроры Д.В.Кемелхан «Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру аясында жастардың арасында синтетикалық есірткінің зияны мен нашакорлықтың зардаптары» туралы колледж студенттерімен кездесіп, дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

